



Мағжан
Жұмабаев

**БАТЫР
БАЯН**





1893-1937

Мағжан
Жұмабаев

БАТЫР БАЯН

ӨЛЕНДЕР,
ПОЭМАЛАР

«Елорда» баспасы
Астана, 1998



ББК 84 Каз 7-3
Ж. 87

Жұмабаев М.
Ж. 87 Батыр Баян. Астана. Елорда, 1998.

Құрастырган Ерік Асқаров.

34735-

Ж 4702250202-03
450 (05) - 98

ББК 84 каз. 7-5

ISBN 5-7667-6497-9

673

БАСПАДАН:

Астанада ашылған "Елорда" баспасынан "Қазақ поэзиясының алтын қоры" айдарымен шығып отырган бұл алғашкы кітап. Сондай-ақ, алдағы уақытта "Қазақ прозасының алтын қоры", "Қазақ балалар әдебиетінің алтын қоры", "Қазақ сынының алтын қоры" контомдықтарын шыгару да жоспарымызда бар. "Алтын қорларға..." енетін шыгармаларды екшеу үшін жазушылар мен галымдардан құралған арнағы алқа жұмыс істейді. "Казахстанские мастера слова" айдарымен бір топ қазакстандық орыс және орыс тілді қазақ жазушыларының шыгармалары да жарық көрмекші. "Аманат" айдарымен өз қунде арамызда жоқ көптеген қаламгерлеріміздің әдеби мұрасы оз оқырмандарымен қауышады.

Баспа жоспарындағы шыгармалардың қай-қайсы да кеңінде оқырман қауымды сүйсіндіріп, бұл қунде пегізінен библиографиялық тапшылыққа айналған қылды да зәру дүниелер.

Аталған айдарлармен белгілі қаламгерлеріміздің кезінде ынанда саясатына сай келмей, советтік цензураның кашшысына ыліккен еркін ойлы шыгармалары да жарық көрмекші. Бұл орайда Қ. Бекхожинның "Батыр Науан", "Мөриям Жагор қызы" (алғашкы нұсқасы). А. Сыздықовтың "Әлі карттың әңгімесі" т.б. шыгармалар бар. С.Мұқанов қаламынан туган "Молдір махабаттың" түп пегізі "Адасқандар" романымен жүздесу де оқырман қауымға қызғылықты болар дейміз.

"Қазақ поэзиясының алтын қоры" айдарының алғашкы кириллица - Мағжан Жұмабаевтың "Батыр Бағын" кітабына кеңеек, мұнда да көптеген тольктырулар бар. Солар жөнінде оқырмандарға түсінік береді кетуді жон санап отырмыз.

Магжан Жұмабаев алғаш рет 1960 жылы Хамза Абдуллин үйіндестырган арыз бойынша акталған болатын. Алайда "бұл азаматтық акталау" деген желеумен ақын шыгармаларын жарыкка шыгартаушылар табылған. Магжан екінші рет 1989 жылы акталды. Содан бері ақының үштөрт кітабы жарық көрді. Бірақ толық емес. "Елорда" баспасы шыгарып отырган "Батыр Баян" кітабы да ақын жырларын "Алтын кор" талаптарына орай түтел көмтімайтын. Алайда соңғы жылдары шыккан ешбір кітабына енбеген көптеген жырлары мен "Оқжетпестің киясында" поэмасы алғаш рет жарияланып отыр. 1989 жылы "Жазуны" баспасы шыгарған жинакта "Қойлыбайдын қобызы" поэмасының откес гасырданы батыр, би, бақсыларды дәріптейтін соңғы болігі орынсыз қыскартылып кеткен.


Магжан - қазак халқының гана емес, исі түркі дүниесінің ұлы дауылпазы. Оның ашық түрікшілді үрандагы жырларын кезінде бастыруушылар цензурадан откізе алмаған болуы керек. Солардың катарында "Орал", "Жер жүзін топан болса екен" өлеңдері осы кітапта тұнғыш рет жарияланып отыр.

"Ақсак ақынга" атты өлеңін кезінде аяулы азамат, марқұм Жәнібек Көрменов сәл аузынан жинаған өкен, құрастыруушыға тапсырған болатын.

"Орамал" мен "Батқан күн, атқан танның жыры" ғашық жандардың бір-біріне жазысқан хаты іспетті тұтас дүние.

Ақын жинактарынан орынсыз шеттетілген өлеңдердің бірі "Жогалған алтын".

Бұл жинакка М.Жұмабаевтың уақыт талабынан тұлған үтінисінде үлтісегі кей жырларын енгізуі жөн деп тапшашық. "Қазак поэзиясының алтын корына" қосылатын "Батыр Баян" кітабында ұлы ақынның "Бұл гасырдың шегінен асатын..."(М.Әүезов) ұлы жырлары жарияланып отыр.



АКСАҚ ТЕМІР СӨЗІ

Жаһап деген не нарсе? -
Алақаниның ауданы.
Бір ауданда көп тәнірі
Болудың түлті жок сәні.

Көк тәнірісі - тәнірі -
Билемсін көтін, құніренсін.
Жер тәнірісі Темірміш.
Жеріме тәнірім тимесін.

Көк тәнірісі тәнірішің
Тұқымы жок, заты жок.
Жер тәнірісі Темірші
Тұқымы - тұрік, заты-от!

АТАҚТЫ АҚЫН, СОЗІ АЛТЫН, ХАКІМ АБАЙҒА

Шын хакім, созің асыл - бага жетпес.
Бір созің мың жыл жүрсө дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанды
Дүние қолын жайып енді күтпес.
Созіңе құлақ сатып, бага бермей.
Қисайып қынырайды жүртүң ниеттес!
Бүртиып, теріс қарап: "Аудақ жүр!" - деп.
Болды гой жакын, туган бәрі кектес.
Тыныш үйікта қабірінде, уайым жеме:
"Қор болды қайран созім босқа!" - деме.
Артында казактың жас балалары
Созінді косем қылып жүрер жеке!

Ай, жыл отер, дүние кошін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Коз ашып, жүртүң ояу болған сайын
Хакім ата, тыныш бол, қадірін артар.
Жүрген жанның артында ізі қалар,
Етікші олсе балға мен бізі қалар
Бір бай олсе, торт түлік малы қалар.
Шешен олсе, артында созі қалар!
Сүм дүние сылаң беріп коптен отер.
Сау қалғаның кобісі ертең бітер.
Токтамас дүниенің доцгелегі.
Шешениң айтқан созі копке кетер.

ГҮЛСІМГЕ

Жұмактагы жібек желден,
Мөңгі жайнап түрган гүлден
 Жаратылған әйел сұлу!

Тұрмыс деген бір тұзакқа,
Азға емес, тым ұзакқа
 Кез болыпты - ішіпті у.

Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді,

Жұмактагы кәусар судан,
Бетіндегі алтын будан,
 Періштелердің жырынан,

Жұмақ сұы сылдырынан,
Жапырагының сыйбырынан
 Тәнірінің дәл оз нұрынан

Жаратылған періште еді,
Мекені оның гарышта еді,
 Алмас қанат періште еді,

Мекені оның гарышта еді,
 Жерді көрді қанга батқан;
Жүргіне қанжар кіріп,
Жапан түзде андай ұлып,
 Елді көрді зарлап жатқан.

Елді көрді - жерге түсті,
Жерге түсті - корге түсті,
 Қакты қанат, кезді, үшты,
 Кім зарласа, соны сүйді,

Күлгеменен бірге құлпі,
Өлгеменен бірге оліп,

Күйгеменен бірге қүйді.
Жабықканга жәрдем етті,
Кара да, ак та теңіз отті.

Алдан меруерт кобік шашар,
“Кел, - деп - бері!” - қойнын ашар,

Тұрмыс - теңіз бір түнгізық.
Тенізге кім басар қадам,
Басса басар оған адам,

Жанын сатып, жанын қызы!
Тұрмыс - теңіз, сылқ-сылқ күлді.
Сұлу суга кірді де олді.

Өлді сұлу - отті жылдар,
Өлді сұлу - бітті жырлар.

Жалғыз ерте кешкі танмен
Қанды жерге козін салып,
Кокті ойлан қүйіп-жанып.

Конырлаткан мұңты әнмен
Үшады екен канат қагып.
Козінен ыстық жасы тамып.

Жан тұлқытар жыр іздеген,
Әдемілік нүр іздеген.

Киял құлы - мен бір акын.
Тұрмыста тар тайғақ жолға
Түсіп келе жатын зорға,

Күн кеше кешке жақын
Батқан күншің таңып кордім,
Сол сұлудың жанын кордім.

Күні кеше жанның жырын.
Жұзіндегі жұмақ нұрын
Естіп, коріп, елжіредім.
Жан жүргеім, қолым беріп,
Кан аратас жасым төгіп:
"Жолым баста, келші!" - дедім.
Кайырылып та қарамады.
Жас жүрегім жарапады...

"Мен бір жанмын олген" - деді.
"Періштелер комген!" - деді.
Бір қарады, кете барды.
Жұзіндегі жұмақ нұры.
Аузындағы мұнды жары
Жүрегіме сініп қатды.

Жүрегімнен кетпес бұл жыр,
Құбылса да мынга омір.

Періштелер лебізінен.
Шын махабbat теңізінен
Жаратылған әйел сұлу!
Тұрмыс деген бір тұзакка,
Азға емес, тым ұзакка
Кез болыпты - ішіпті у!
Әйел атын Гүлсім дейлі,
Тұрмыс атын тылсым дейді...

ОТ

Күннен туган баламын,
Жаркыраймын, жанамын.

Күнге гана бағынам.
Өзім - күнмін. үзім - от,
Созім, қысық козімде - от,
Өзіме-озім табынам.
Жерде жалғыз тәнірі - от.
Оттан басқа тәнірі жок.

Жалынмен жұмсақ сүйеді -
Сүйген нәрсе күйеді.

Жымып озі жоргалар.
Ұшыраганды шок қылтар.
Шок қылтар да, жок қылтар;
Мұнын аты От болар.
Мен де отпын - мен жанам,
От - сен, тәнірім, табынам.

Әдемі отпен аспаның,
Бәрі жасық басқаның.
Жалын жұтам - тез тоям.
Әулием, ием, құтыма,
Тенсіз тәнірім отыма
Әлсін-әлсін май құям,
Май құымын - өрлейді.
Құлашын кокке сермейді.

Кейде жылан арбайтын,
Кейде аждаға жалмайтын.
Сесекенбес, сірә, кім сенен
Шынында. менің озім де - от,

Кысылған кара козім де - от.
Мен - оттанмын, от - менен,
Жалынмын мен, жанамын.
Оттан тұған баламын.

Қарандылық бүккәнда,
Қызырып күн шыккәнда.
Күн отынан тұғанмын.
Жүргегімді, жанымды,
Иманымды, арымда
Жалынменен жуганмын.
Жүргегім де, жаным да - от,
Иманым да, арым да - от.

Жарқырап от бол тұғаннан,
Белімді бекем буғаннан,
Қарандылық - дүшпаным.
Сол жауызды жоюга,
Сокыр козін оюга
Талай заулап үшқанмын,
Әлпігө¹ барғам Алатаидан.
Балқанга барғам Қытайдан...

Күннен тұған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнгө ғана багынам.
Өзім- күнмін, озім - от.
Созім, қысық козім де - от.
Өзіме-озім табынам.
Жерде жатғыз тәнірі - от,
Оттан басқа тәнірі жок.

¹ Альпі - аскар таудың аты. (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

ПАЙФАМБАР

Устремляя наши очи
На бледнеющий Восток.
Дети скорби, дети ночи,
Ждем, не придет ли наш Пророк.

Мережковский

Күнбатысты қарангылық қаптаган,
Күні батып, таңы жаңа атпаган.
Тұнеріп жүр тұннен туған першер,
Тәнірсін табанына таптаган.

Күнбатысты қарангылық қаптаган,
Когінде жок жалғыз жүлдым батпаган,
Тұн баласы тәнірісін олтіріп,
Табынатын басқа тәнірі таптаган.

Күнбатысты қарангылық қаптаган.
Жалғыз жан жок қарангыда лаклаган.
Білген емес иман деген не норсе.
"Карын" деген сөзді гана жаттаган.

Тұн баласы... Тұн жолына тұскен ол,
Сақаусың деп Мұса тілін кескен ол.
Тәнірінің сүйікті ұлы Айсаның
Тітіркенбей үрттап қанын ішкен ол...

Тұн баласы тұнерген тұн жамылган.
Аллага емес, әюэзілге табынган.
Інжілді ортеп, табанга сап қуранды,
Әділдікті күткен ессіз карынан.

Тұн баласы омірінде араз таңменен,
Қабыл ұлы ауызданған қанменен.
Табынатын құр денеге жануар.
Болған емес жұмысы оның жанменен.

Тогітмеій ме кемерінен асқан су,
Өлтірмей ме жайылған сон күшті у.
Тұн баласы тұнеріп тұр олгелі.
Козінді сал - күнбатыста қанды шу;

Козға тұртссе корінбейтін қара тұн.
Күнірене ме, құле ме олде, әлдекім?
Жылайіды да, шулайіды да ұлиды.
Бұл кім? Бұл ма - тұн баласы түссіз жын.

Қап-қара тұн, Тұн баласы күніренед.
Күніренумен бір-біріне үн беред.
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад.
Қара тұнде кор козімен не коред?!

Қап-қара тұн. Шегір козді жындар жүр.
Қап-қара тұн. Қайғы мен қан ойнап тұр.
Қайғы менен қара қанға тұншығып.
Тұн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

Қап-қара тұн. Үақыт ауыр отеді.
Ой артынан ойлар келіп кетеді.
Тұн баласы кор козімен жас тогіп,
Күншығыстан бір пайғамбар қүтеді...

Ерте күнде отты Күннен Гүн¹ туган,
Отты Гүннен от бол ойнап мен тугам.

Гүн - түріктің арты атасы. (М. Жұмабаев ескертпесі).

Жүзімді де, қысық қара козімді
Туа сала жалынменен мен жугам.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар.
Мен - Күп ұлы, козімде Күп нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем
Күннен туган, гүннен туган пайғамбар.

Соқыр сорлы кормей ме олде көзің кор?
Күншығыстан таң келеді, енді кор.
Таң келеді, мен келемін - пайғамбар.
Күт сен мені, "лахауланды" оқи бер.

Күншығыстан таң келеді - мен келем,
Кок күніренед: мен де коктей күніренем.
Жердің жүзін қараңғылық қантаган,
Жер жүзіне нұр беремін, Күп ұны!

Қап-қара тұн. Қайғылы ауыр жер жыры,
Қап-қара тұн. Күніренеді тұн ұлы.
Күншығыста ақ алтын бір сыйық бар:
Мен келемін, мен пайғамбар - Күп ұны.

КҮНШЫҒЫС

Қысық козді Күншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?
Серпіл енді, алыбым!
Күңірентіп жерді ыңыраныш.
Күнбатыска коз салшы,
Кордің бе канның жалынын?
Күнбагысты шаң басқан,
Шаң емес, қара қан басқан.
Тарсыл-күрсіл, қанды атыс.
Коп білем деп болуге,
Коп күлем деп олуге
Жақын қалды Күнбатыс.
Дария еді ол окірген,
Шапшып кокке лепірген,
Жемірліді кемері.
Өлгелі жатқан құрт ауру,
Жан-жаққа сүзіп коз салу -
Қолынан енді келері.
Ібліске ерген есерлер,
Өзімшіл кеуде кеселдер
Тұншықсын, қанга боялсын.
Оның олген үнімен,
Қанды батқан құнімен,
Күншығысым оянсын!
Қысық козді Күншығыс.
Болсын соңғы бұл жүріс.
Күнбатыска жүрелік,
Желкілдеген түменен,
Жер күңіреткен шуменен
Қаласына кірелік.

Күл қылайық қаласын,
Күл қылайық баласын.

Жок, жок! Ашу басалык!
Гүл қылайық қаласын,
Үл қылайық баласын,

Мейірім есігін ашалык.
Мұндарларды адасқан,
Айрылып естен шатасқан
Күншығыстың жолына
Салайық, шетсін демейік,
Аямайық, комейік

Күншығыстың нұрына...
Терен теніз тебіренді,
Күншығысым күнірепті.

Қырагы козім кореді:
Желкіздеген түменен,
Жер күніренткен шуменен
Қара бұлт қантап келеді.
Әй, сен, кесел Күібатыс!

Бұл жатуың қай жатыс,
Жоғал жылдам жолымнан!
Болмаса корықсаң олімнен,
Үмітін болса омірден.
Үста мениң қолымнан!

АЛЫСТАФЫ БАУЫРЫМА

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Куарған бәйшешектей кепкен бауырым.
Қамаган қалың жаудын ортасында
Кол қылышп көздің жасын токкен бауырым.

Алдыңды ауыр қайғы жапкан бауырым.
Өмірінше жала шеккен жаттан бауырым.
Тұксиген, жүргі тас жауыз жандар
Тірідей терің тонап жатқан бауырым.

Япырм-ай, емес пе еді алтын Алтай
Анамыз бізді тапқан, асау тайдай?
Бауырында жүрмел пе едік салып ойнак,
Жүзіміз емес пе еді жарқын Айдай?!

Алалы алтын сақа атыспап па ек,
Тебісіп бір тосекте жатыспап па ек?
Алтайдай анамыздың ақ сүтінен
Бірге еміп, бірге дөмін татыспап па ек?

Тұрмап па ед біздің үшін молдір бұлак,
Сылдырап, сылқ-сылқ күліп, таудан құлап?
Даяр бол үшқан қустай сокқан құйын,
Тілесек бір-бір тұлпар бейне пырак!

Алтайдың алтын күні еркелетіп,
Келгенде жолбарыс бол, жана ер жетіп.
Ақ теңіз, Кара теңіз ар жагына,
Бауырым, мені тастап, қалдың кетіп!

Мен қалдым - жас балапан қашат қақпай.
Үшам деп үмтыйсам да дамыл таппай.
Жоп сілтер, жол корсетер жан болмады,
Жауың жау койсын ба енді мені атпай?!

Көргасын жас жүрекке оғы батты,
Күнөіз таза қаным судай акты.
Қансырап, әлім күрып, естен тандым,
Қараңғы абақтыға берік жанты...

Кормеймін кеше жүрген қыр-сайды да,
Күнделіз - Күн, түнде - күміс нұрлы Айды да!
Ардақтап, шыны жібектей арайға орап,
Осірген алтын анам Алтайды да.

Япырм-ай, айрылдық па қалың тоитан,
Шабылып қайтпайтүгүш жауган оқтап?!

Түріктің жолбарыстай жүрегінен,
Шынымен корқак құл бол жаудан бүккап?!

Шарқұрып ерікке үмтыйлан түрік жаны
Шынымен, ауырды ма, бітіп халы?!

От соніп жүректегі, күрыды ма
Қайнаған тамырдаты ата қаны?!

Бауырым! Сен о жакта, мен бұ жакта.
Қайтыдан каш жұтамың. Біздің атқа
Лайық па құл бол түру? Жүр, кетелік
Алтайға, ата мирас алтын таққа.

ТЕЗ БАРАМ

Қыранымын сары сайран дағаның,
Қос қанатым - алтын Алтай, Оралым.
Еркін дата ардақтысы, еркесі.
Бетім кайтпай оскен батыр баламын.

Асқан алып - ата затым сұрасаң,
Асқан дана - ана затым сұрасаң.
Шашып жалын жас жолбарыс үмтүлса.
Корқак құлдар, қалай қарсы тұрасың?!

Тұлпар мініп, туды қолға алайын,
Суырып қылыш қан майданға бараіын.
Жердің жүзі кім екенім танысын
Жас борідей біраз ойын салайын.

Тірілтейін алып атам аруагын,
Тазартайын Сарыарқамның топырагын.
Жан-жагына тегіс билік жүргізіп,
Кемеліне келсін кейінгі үрпагым.

Дүгада бол, алтын Алтай - қарт анам,
Атып ата, қуды жолын ер балаң.
Ақ шашыңды, кокірегінді ііскеуге,
Тәңір жазса, соuletпенен тез барам.

ЖАРАЛЫ ЖАН

Сар дала, бейне олік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жашқан.
Тау да жоқ, орман да жоқ, озен де жоқ.
Сөле емес, қан шашып түр күні батқан.

Жалқау жел озін-озі зорға сүйреп,
Жан-жақта жүргендей-ақ жындар билеп.
Ың-жын дауыс келеді құлтагыма,
Перілер он салысып, түр ма күйлеп?

Жаралы бір жап жатыр қуба жопла,
Бір қызық жалғыз аяқ сүрлеу жолда.
Пернесі, нұры кеткен қозіменен,
Карайды бейшара жап он мен солға.

Қысылған сорлы адамның шыбын жапы,
Шапшып түр, жүрегінен ыстық қаты.
Ішіті ортеп, жүректі де елжіреткен,
Күніреніп сол сорлының сарнағаны:

"Оіппырым-ай, алла-ай, жасаган,
Қысылды гой шыбын жан!
Куат кеміп барады,
Коп болды мынау акқан қан.

Тәнірі, озіңе жытайын,
Хал жоқ, қалай тұрайын?
Жүректі жара жеп барад,
Жасаган-ау, қастай шытайын?"

Сокла, сорлы жүргім,
Шірі енді, ақ білегім!
Мынау қарға, құзғынның
Бердің-ау, тәнірім, тілегін!

Сауықшыл есіл елім-ай,
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза сұзы бар,
Айдын шалкар колім-ай!

Сол жерде ойнап жүре алмай,
Сауық-сайран құра алмай,
Қарғага құзғын жем болып,
Қалғаным ба, бір алла-ай?!

Қиналдың-ау, шыбын жан,
Тоқталсайшы, ыстық кан!
Зарлайсың гой жетім бол,
Бесікте қалған балапан!

Қара шаш қайран жарым-ай,
Қарашибым, жаным-ай!
Құлагымда келеді
Алыстан ашы зарың-ай!

Қиналдың-ау, шыбын жан,
Тоқталсайшы, ыстық кан!
Тұлпарға мініп бір шапсам,
Болмас еді басқа арман!

Хал жок, қатай тұрайың?
Тәңірі, озіне жылайын.

Жүректі жара жеп барад,
Жасаган-ау, қалай шыдайып!

Түсті қысым жаныма,
Тұншыктым гой қаныма!
Ием болсаң, жаратқан,
Салсаішы құлак зарыма!

Күштің гой құдірет,
Перінтеңе әмір ет!
Қанатиен бір сипасын,
Жазылсын ішкі-тысқы дерт.

Әмірді маган коп корсөң,
Лагиет деп мені жек корсөң.
Олейін тез, олейін,
Келсін ібіліс, у берсін!

Түсірме қысым жаныма,
Тұншыктым гой қаныма!
Ием болсаң, жаратқан,
Салсаішы құлак зарыма...

Берді тәңірім тілегім,
Қуан еңді, жүрегім!
Не періште, не ібіліс,
Келеді үшып - керегім!...

Сауытты оң жақ қолыңа ал,
Сауытта жұмак сұы бар!
(Әйтеуір азап токататад),
Не тамұқтың уы бар!"

Жаралы құба жонда кім зарлаган?
Қансыраи, қанын жұтып кім сариаган?
Кайғылы сар даңапы құніренткен.
Зарына адам шадап тұра атмаган?

Бұл - қазак, төнірге зар еткен қазак!
Қашалып, қанды азап шеккен қазак.
Әйттеуір қанды азаптаи құткарап деп,
Оқыған азаматын құткен қазак.

Азамат! Аны қазақ қаным десен.
Жұмактың сүни апар, жаным десен.
Болмаса, ібіліс бол да у алын бар,
Токтатам түншықтырып зарын десен!..

БАЛАПАН ҚАНАТ ҚАҚТЫ

(“Балапан” журналына арналып қара сөзбен жазылған олең)

Балапан қанат қақты...

Жас еді. Қанаты да қатыл жеткен жоқ еді. Амалсыз қақты.

Солтүстіктің сұығына шыдай алмады. Сұық жел сүейгіне жетті. Ызғар окпесіне отті.

Ұшып орманга барып еді, күні кеше құбірлесіп, құлімдесіп, жылы құшағын ашып тұрган ағаштар бүған мойнын, бүрмады. Ұшып тогайға барып еді, қанша шырылдаپ айналып жүрсө де, қалың ақ кебінің жамыстып, тогай түрмады.

Балапан баспана таба алмады.

Балапан қанат қақты...

Аштаң олетін болды. Ойды-қырды қар басқан. Бір қылтанак таба алмады. Тоңып, дірілдеп, алаусұрып жүрген балапанды коріп: “Қолыма кір, қолымда тұр, қалған-құтқанымды берермін” - деп күледі солтүстіктің салқын жүрек, тас бауыр адамы!

Балапан қанат қақты...

Ойы - жап-дәрмен жылы жакка жетпек, етіз Есіл - Нұрапың тәтті сұларынаң ішіп, Араңдың ыстық құмын қүшпакшы. Терең Балқаштың молдіріне шомылтамақшы. Алтайдың етегінде “үн” деп демін алғып, Марқаколдің қаймагында жүзбекші.

Балапан қанат қақты...

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Күш кеміді, айбынды ту құлады;
Кеше батыр - бүгін корқак, бүгады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісендे,
Қан суынғап, жүрек солғын согады.

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,
Күндей құшті, құрқіреген ел тынды.
Аскар Алтай - алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар - асқан жандар ұмтылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардын
Жауыз тәгдым жойды борін не бардын....
Алтын Күннен багасыз бір белгі бол,
Нұрлы жүлдым-бабам тілі. сен қалдын!

ЖЕР ЖҰЗІНЕ...

Жер жүзіне ер атагым жаілсыған.
Жаш емеспін оттан, судан тайынған.
Қайраты мол қандыбалас қыранмын,
Күн болған жоқ жаудаң жүрек шайылған.

Еркін ыргып шыққам аскар Алтайға,
Қырда тұрып садақ тартқам Қытайды.
Талай тайғак, тар кешнде таймаган
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?!

Талмай, қайтиң камал бүрган кеменгер,
Арыстанға қарсы үмтылған мендей ер.
Бір барқылдақ жалпындаған тобеттен
Корқар болсам, жұтсын мені қара жер!

ЖАУФА ТҮСКЕҢ ЖАНГА

(М. Д-ра) хат)

Дамыл кормей ерте-кеш,
Жұрттың камын коп жедін.
Байладың белді салып күш.
Тыныштық жүзін кормедін.

Жагаластың жауменен.
"Бермейімін жұртым, жапым" - деп.
Атыспак болдын тауменен,
"Жұрт үшін тогем қапым" - деп.

"Оян! - дедін жұрттыңа, -
Бас котеріп, тірлік қыл!"
Ақыл айттың үлттыңа:
"Таста талас, бірлік қыл!"

Бір шешпелің белінді.
Жұрт үшін уайым-кайғы жең.
Сактамақ болын еліңді:
"Қара күн алда, бекін" - деп.

Менменсінген күшті жау
Коздеп түрдү ісінді.
Коімады сені есеп-сау.
Алды колдан күшінгі!

Карантың үйге қамады,
Мейірімсіз онисен тасбауыр.

Сорлыға тәңірі пана-ды,
Болса да бейнет қанша ауыр.

Киялға ескі бата бер,
Қайра озінді, дормен не?
Уайымсыз, ойсыз жата бер,
Жұрт үшін түстің, арман не?

Козін ашып, артында
Жұртың ойлар: "Бұл қалай?
Тайынба, корыкла, тартынба!" -
Деуші болар бірталай.

Ұмытпаган оз ұлтын
Қайратты жас жігіттер.
Жұрт үшін салар мал-мұлқін,
Бірін-бірі үгіттер.

Үстасын, жапсын, уайым жок:
"Коймай куса корқақты -
Батыр болар" - деген коп,
Батыр гып, одан не тапты?

Өрнек болар мұнданай іс
Кейінгі жанган жастарға:
Қайраттанып, күйіп іш,
Аузын шайнар қастарға.

Қараңғы болса қанша тұн,
Жұлдыз сонша жарқырар.
Бұлт басса да, алтын Құп
Бір шыгар, жерді жарық қылар...

Келешек күнде қағазға
Алтынмен жазар атынды.
Құшақтан сүйер, қағазда
Корсе жазған хатынды.

Уайым-қайғы жұтады
Сені оїлап, сорлы жүрт.
Аңдыған жау үтады,
Тәнірі, соның түбін құрт!

Саган кок те тілекtes,
Бұратған оншен нөзік бел
Периншелер жанында!
Еш қайғырма, ракат - анық, біл..

Мейірімі кен қүшті ием,
Сорлы жүртты он баста,
Дүшпан - құлаш, біз - сүйем,
Ракмет үшкынын таста!

Кобейсін елде кайратты ер,
Жүрт үшін болсын қара тер.
Сорлы жүртты бастасын.
Жасаган, соган комек бер!

ТҮТҚЫН

(М. Д-га хат)

Кеудеде - от, інте - жалын, көзде - жас,
Күпі-түпің кайты жұтқан сорлы бас.
Сабап тосек, тым қарангы жатагы,
Наны қара, шайы қара, қарны аш!

Күн түсірмес мейірімі жоқ қаратас,
Ағармай ма мұндаі үйде қара шаш?
Жанында жоқ жаңы ашитын жакын жүз,
Тасбауырлар ыңғайына қарамас.

Жарық сәүде не Аї, не Күн корсетнес,
Жақыншың: "Оі бауырымын!" естірмес.
Іс-саналы, соз - аңдулы, ерік жоқ,
Өз қолымен ұнамды тон пінгірмес.

Қайғылаңба, сорлы тұтқын, еш не етнес,
Күн батқанмен, таң атпаіттың түп жетнес.
Ер жүректі азаматтың басына
Бұл жалғашда нелер келіп, не кетнес?

М.Д. АБАҚТЫДАН ШЫҚҚАНДА

Зор қуаныш - кара түн откөпіне,
Алтын таңды ашық күн жеткеніне.
Қан аралас тогілген коп коз жасты
Төнірі қабыл, мейірім екtenіне.

Ерік құсы қайта ұшып келгеніне.
Душар болмай дүшпанның мергеніне.
Қайта шыкты батқан Құи, нұр шашылды.
Мын шүкірлік тәнірінің бергеніне.

Құннің бетін ежелден бұлт жаппак.
Жапса да, ұзак тұрмай жонін таппак.
Қайғы корсе, ер жігіт қайраты аспак.
Қамшы тисе шын жүйрік үдеі шаппак.

Онаан есті жел біраз қырын ескеп.
Соң туса да, он туса қалмас коштен.
Откен іске - салауат, күтіл қалдық;
Откір қимыл, ескі үміт, жаңа қүшпен.

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Арыстаңдай айбатты.

Жолбарыстаі қайратты -

Қырандаі күшті қанатты.

Мен жастарға сенемін!

Коздерінде от ойнар.

Создерінде жалын бар.

Жанинан қымбат оларға ар.

Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар - балапан,

Жайып қанат ұмтылған.

Коздегені кок аспан.

Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер.

Сүттеі таза жүректер.

Қасиетті тілектер -

Мен жастарға сенемін!

Тау сүйндей гүрілдер.

Айбынды аташ елім дер.

Алтын Арқа жерім дер.

Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма тұлпарға,

Талу бар ма сұнкарға,

Иман күшті оларда.

Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға.

Атапи атын аспанаға

Шыгарлар олар бір таңда.

Мен жастарға сенемін!

.... FA

Мейірімсін тағылар күрган торға түсіп,
Жапанды жатыр едік біз оқка үшін,
Кеудеден таза шеткік қан сорғадан,
Қайрымсың қара салқын жерді құнын
Айрылдын алтын ерік, ар-тамыстан,
Қайрылмай қанағ қагдан бак құсы үшін.
Тас жүрек, конёлі қара жауыз жаудың
Колынан құлдық, корлық уши ішін
Жап таштай тоңректен жардем қызыар,
Омірден енді алдаты ұміт кесіп. -

Қайратты ер, сын-байгеге тігін бағың,
Сол кезде ауыр жолға қадам бастың.
Құтқарын келімсекten тіріштекке
Көз жетпес кең, бай Сібір сар даласын.

Үмтыхан іші жолда төлеғіне,
Түссе де темір ишінжыр білеғіне,
Қасіретті қара күпді жапсы сүйген
Конған жок кіршік таза жүргегіне.

Сол жолда кайты жұтқап білді кордің,
Бауырлай бірге туган колын бердің.
Есіркен жаның анын, жакын тартын,
Жазуға сыртқы, ішкі қалың шерден.

Баладай еркелеткен колыңа алдың,
Жұбатың еске салын откенді алтын.
Түседің таза жүрек, ак конёлмен
Болевиң дең баяғылай жүзің жаркын.

Ардақты ер! Үмбұлымас еткен ісің,
Күні ертең айбынды алат жипан есің.
Кокестен көп заманшың тілеңің
Жарықта шыгаруға жұмсаρ қүшің.

ӨТКЕН КҮН

Еділ. Жайық. Сыртария -
Белгілі жұртқа ескі су.
Тәтті, домді, тармакты
Ұзын Ертіс. Жетісу.
Осы бес су арасы
Сарыарқа деген жер еді.
Түшп-оскен баласын
"Айбыны ер алғаш" - дер еді.
Еркін шауып ойнақтан,
Тілеген отын жер еді.
Қонысы - жібек, ну тогай,
Айдын шалқар көл еді.
Есіл менен Нұрадай
Екі енеге телі еді...
Қайыры коп ағайын,
Кедейде жок уайым -
Керек болса бір тайым
Сұраусыз ұстап мінеді.
Болсын жаты, жақыны,
Жоқ асынан тартыну.
Жыл жүзді бәйбіне
Керсендег ұлкен аяқпен
Үстата саумал береді.
Шыга қалса бір жұмыс.
Ұзап кетпес артық іс. -
Бітімге биге келеді.
Қасымын қаска билігі.
Есімің ескі билігі.
Алдында сайрап жатқап сон.
Коні корген коне би

Кара жолмен желеді.
Бір тиңші нара алу жок.
Кисыққа құлак салу жок.
Туралық, шындық - екеудін
Каз қатар гып жегеді.
Сол екеуді алдында
Бір бұлгармай жүреді.
Хак Назар сынды әділ хан,
Абылай сынды ер сұлтан,
Каракерей Қабанбай,
Кашкыгали Богенбай.
Ак пайтапың ұшымен,
Ак білектің күшімен
Дүшиштағы қысым корсеткен.
Каз дауысты Қазыбек,
Кара наузаң Жөнібек
Жалғанда тумас ер еді.
Кеңең: Шоже, Орынбай,
Жанак, Біржан, Наурызбай.
Бір сөзі мың ділдөлық.
Алты алашқа атакты -
Борі ақын, сері еді.
Шілдеде самал ескепле,
Жайлайуга ауыл кошкендे,
Ат-айғырга мінсін,
Қызы-бозбала жарасын.
Теренен озілдескенде,
Тісі меруерт тізілген,
Белі қыпша үйлген,
Хор сықылды сол сұлу:
"Ха-Ха-Ха!" - дең күлгенде.
Бүйік жаткан кен дала

Бейне бір жаңы енеді.
Сылдыран акқан озенге
Үй тігін дерсөн копысын,
Бұрала басын былқылдан,
Әзілдесін, сынқылдан,
Жас келіппек, жас қыздар
Кергө жайын, уық байлар
Үйден үйге жүрісін.
Откеп күнді ойласам,
Ойга терең бойласам,
Кешегі кайран қазактың
Соулеті мен доулеті
Көз адымға келеді...
Күшің кеткен баяулан,
Жүрсің атсыз жаяудан.
Ит нағандық желкендे
Шабайын деш аңсын тұр,
Қылышының үстән таяулан.
Арыстаным, сүнкарым,
Қажымас, талмас тұншарым,
Басың котер, тұр енді!
Батқан екен оя күннің.
Жеткен екен бұл түннің
Откенді ойлан кайтырма.
Әр көмалға бір зауал
Ежелден болмак емес не?
Ескіше тұрмын етесене,
Заман - тұлқі, тазы бол,
Базарна дүкен күр енді.

АЙФА

Күн батып, карангылтык канат жайіды.
Аспанда сансыз жұлдыз жарқырайды.
Отырган карангы үйдің терезесінен
Коремін мұнды, нұрлы толған Айды.

Қайтылы Ай, тұрсын кокте түсін қашып,
Қайтылы жер жүзіне нұрын шашып.
Жылжисың ақырын гана қорыккан жандай,
Жүргендей жол таба алмай бейне адасып.

Бір жауыз сондірмек пе өлде нұрын?
Үстінде кигізбек пе қара құрым?
Жоқ өлде қазіргімен жұмысын жоқ,
Қайтыга түсіре ме откен күнін?

Кім білсін, откен күнің алтын шыгар?
Ажарың бейне күндей жарқын шыгар?
Коп жұлдыз - өлде күшпен, өлде іспен
Еркісіз артына ерткен халқын шыгар.

Жоқ шыгар ешбір bogет онда жолда.
Еркінмен құлаш жайып он мен солта.
Мезгілемен толу, болу билігі де
Ол уақыт емес шыгар басқа колда?

Қайтылы Ай, мен де сенің қайғыца ортак,
Менде де бұрын бар еді тәж бенен так.
Жас едім, жалыны едім, батыр елім,
Кольма қопын еді ол уақыт бак.

Кең дала, коресің гой ана жатқан,
Жібектей жасыл шоптер бетін жапқан.
Аскар тау, балдан төтті сұлары бар,
Әне, сол анам еді мені тапқан.

Салушы ем асау тайдаій қойнында ойнақ,
Жұруші ем ертеңді-кеш ылғы ойнап.
Ішуге ас, мінуге ат - бәрі даяр.
Кермеп ем омірімде кайғы ойлаپ.

Дарига, жауыз тағдыр қатты алдасты,
Бак-доulet - алмаганы еш қалмады.
Тас жүрек козім нұры - анамды алыш,
Еніреген мен жетімге коз салмады.

Мінекей, камаудамын тар үігірде.
Мұнысы - комгені гой тірі корге.
Мейірімді Ай, мені-дагы жаңыңа атты,
Болайық екі мұндық біздер бірге.

Ант етіп айрылмасқа бірігейек.
Ас-сусыз мын байнетпен жол шегейік.
Тыңдаітын бар гої тілек оділ Алла
Кол қылып қан аратас жас тогейік.

Сұрасақ, тілек қабыл болмас па екен?
Жолымыз жылап шеккен оқбас па екен?
Кеше үшқан басымыздан бақыт құсы
Тагы да қайта айналып конбас па екен?

ТӘҢІРІ

Зор тәңірі, күштісің сен, сенеміз біз.
Әділ деп өр ісіңе конеміз біз.

Оз құлып озі еніретпес тура не деп,
Өзіне ерік тізгінін береміз біз.

Ауыздан Алла атыңды тастанамыз,
Алласың ешбір іске бастанамыз.
“Әділ хан, бүйіргызың бойсұндық” - деп.
Бүйіргесіз бір адым да аттанамыз.

Кеңі, тәңірім, боласа созім пендешілік,
Мінекең, айқын зұлым, қайда әділдік?
Соншама кең қақметтен құр тастанайтын,
Баласы алты алаштың - біз не қылдык?

Басқага орын бердің жақсы жайдан -
Зептір тау, түпсіз дария, терен сайдан.
Үмітсіз, тілегі жок, турагы жок.
Күйліган дәрганіндан¹ біз бе шайтан?

Бізге отсыз шол дағаны орын қылдын,
Бак-лоулет, опер-білім қырын қылдын.
Кесір деп кек алатын оғең балан
Біз бе едік, коп тобетке жырым қылдын!

Жібердің басқа жүртка жолбасшылар.
Әр жүргіңдің жолбасшымен козі ашылар..
Не елші, не жол сілтер кітабың жок.
Алапка әлде жазғаны бар да шыгар?

¹ Дәрган - першителдердің мекен-жайы.

Бақытсыз қашып жүрген қазақ соралы.
Әркімге құйі кетіп мазақ сорды.
Бір елнің жібермелің, сана алмадың.
Жалапаш түйе баққан араб күрді.

Кеп, тәңірім соралы құнға қаһар етпе,
Ракым қыл, біз соралыны шетке тенде.
Сөз шықын жап апумен, оділ тәңірім,
Тиғен соң аңыз таяқ гүни етке!

ТЛЕГІМ

Кормейін ракат, жанайын,
Жалын болсын маңайым,
Күйейін, азап шегейін.
Жансын деңем, күш бітсін,
Күнті жалын ішке отеін,
Аны, ыстық жас тогейін.
Кормейін ерік, тұтқын бол,
Абактыда жұтын от,
Отсін омірім зарменен.
Берік бол жау қамаган,
Сарғаяны саладан,
Корісе алмай жарменен.
Інде толған қалып дерт,
Жүректегі жалыны орг,
Зарлатар мені сол уақыт.
Елестеген ерікті,
Үшкыр жаңға серікті,
Жырлармын мен жап атын.
Корген сайын көп қысым,
Зарлы, ацы дауысым
Шыркырап Сарыарқада.
Озегіне отией ме,
Зарлы жырым жетпей ме
Қарагыма - қалқама!
Кормейін ракат, жанайын,
Жалын болсын маңайым,
Күйейін, азап шегейін.
Жырыммен жаным жұбатам,
Жырыммен жұртымды оятам,
Несіне жас тогейін?!

ЖҮМБАҚ

Сап-сары бел,
Еседі жел,
Еседі,
Еседі жел.
Кошелі ел.
Кошелі.

Дала бүйік,
Бала түйік -
Екі ұнсіз.

Дала- жұмбак,
Бала - жұмбак
Шешүсіз.
Сап-сары жел,
Еседі жел,
Жел есті.

Дала - жұмбак,
Бала - жұмбак,
Кім шешті?

АЙДА АТЫНДЫ. СӘРСЕМБАЙ

Айда атыңсы. Сәрсембай.

Агарын алтын таң атнаң

Шыгайық қырга, далага.

Шу-шүү-шүү...

Әттең гана бұл оқу!

Келмес едім қалага.

Караашы кейін бұрынып:

Таудай болып созылып

Қала - бір жатқан дәу пері.

Айналасы - тұман, тұн.

Дем алысы - от, тұтін.

Жарқ-жүрк етер көздері.

Созі у-шү, ың да-жың,

Сасық ніс ауыр тым.

Тұншықтым гой, құдай-ай!

Кейін караң петеміз?

Ауылға қашап жетеміз?

Айдашы атты. Сәрсембай.

Әйелдері үятсыз,

Күнде сүйгіш, тұраксыз.

Қылмыңласар, керілер.

Жұздерінің қаны жок.

Көздерінің жаты жок.

Еркектері - "перілер".

Оларда отты жүрек жок.

Тамактан басқа тілек жок,

Корсылдаган "доныздар"-

Түн баласы перілер,

Жұмактан артық корінер -

Оларға сасық үшір тар.

Кокті кормес кор олар,
Караши, қанша жұлдыз бар?
Күлпін қана жүзеді ай.
Калага келіп қанғырдым,
Сардаламты сағындым.
Айда атыңды, Сәрсембай!
Әлде үйкүң келе ме?
Сәрсембай-ау, сен неге
Шырқап бір өн салмаїсың?
Жетесін тұган жеріне,
Еркелеткен еліне.
Жүргім, неге жапбаїїсың?
Сарыарқамның топырагы -
Менің жаным шарагы,
Кеудемді тосен жатамын.
Оның жібек желінің,
Төтті, қоусар колінің
Қазір дәмін татамын.
Қайрылып кейін қарамаң.
Шықтық на ұзап қаладан.
Айтшы, жапым, агатаї?
Кейін қарап нетеміз?
Ауылға қашап жетеміз?
Айдашы атты, Сәрсембай!

БЕСІК ЖЫРЫ

Күнім, айым,
Еркетайым,
Болейін енді.
Тыста дауыл,
Жатқан ауда,
Үйкүң да келді.

Жұмсақ бесік,
Жылы тосек,
Жата гой, қозым,
Әлди, бопем,
Әлди, бонем,
Үйікта, жұм козін.

Құттышақтар,
Қозы, лактар -
Бәрі-ак үйкүда.
Сеіл- жұлдызым,
Сеіл - көз нұрым,
Кір тәтті үйкүга.

Сая жаным,
Балапаным,
Соксын дауыл, жел,
Болма алаң,
Сүйгепті анаң
Сактар, анық біл.

Беу-беу, бопем,
Беу-беу, бопем,
Әлди, әлди-ай!

Соулем, еркем,
Күні ертең
Толарсың сен-ай.

Пісіп атмам,
Толып бағлан,
Жұтіріп жүрерсін.
Сұлу сүйірік
Жорга жүйрік.
Таїға мінерсін.

Кара жаргак,
Тұлқі тымақ
Шоктап киерсін.
Куанып, қалкам,
Ерке маркам,
Қысып сүйерміш.

Мініп тұлаар,
Атып сүңкар,
Тауга кетерсің.
Сен боп созім,
Жасты козім,
Сағынып қутермін.

Қызық іздел
Қыздар коздеп,
Етдер кезерсін.
Тарлан шүйіп,
Сұлу сүйіп,
Үйден бәзэрсін.

Күни бақыт,
Тілең тақыт.
Жолдар шегерсін.
Жұрек жара.
Мен - бейшара.
Жастар тогермін.

Қайнап қанын.
Батыр жашын
Ерікке ұмтылар.
Сен еріме.
Жас боріме
Карсы кім тұрар?

Атмас қылыш,
Найза құрыш
Белге буарсын.
Сен, сырттаным,
Арыстаным,
Жауды қуарсын.

Туган жерден,
Оскен елден
Ерге не қымбат?
Жас жолбарыс.
Жаумен алыс.
Шанды, канға бат.

Айбатынды,
Кайратыңды
Коріп карт анаң

Тогіп жасын,
Жайып шашын.
Тілер: "Бол аман!"

Күтем, күйем.
Корсет, нем,
Сол алтын күнім.
Үйкyn тottі,
Үйкyn қатты.
Қозым, құлым.

Жаным да сен.
Тәнім де сен.
Караңығым-ай!

Әлди, болем,
Әлди, бонем,
Әлди, олди, әлди-ай!

ҰЛАН

- Непі ойлаїсын, құлыншағым?
Не мұның бар, айт, карагым!
Жассын, ойға әуес болма.
Ой жеткізбес, ол - бір сагым!
Ұлтаярың, өзі-ақ басар.
Жастиқ - күліп-ойнар шағын.
Ішің пысса - малды арада.
Жүр гой шауып құлыншағын!
- Жок, бармаймын, апа, малта,
Кетем алыс, шығам анга!
- Шерің болса, домбыранды ал
Домбыранды ал, ән шырқап сал,
Даусыңды естіп, жас сұдуалар
Талып жұтын төтті улы бал.
Беттеріңен кан тамып түр,
Қызыгады бойыца тал.
Неге ойлаїсын, ерке маржам,
Бір кара коз болмай ма жар?
- Карамаймын, апа, жарга,
Кетем алыс, шығам анга!
- Сені тапкан мен анаң гой,
Қарашығым, сен балам гой!
Алыс жолға кетсең, қозым,
Күтіп, қүйіп мен жанам гой.
Карт күнімде сенсің соулем,
Сагынып сені саргаям гой.
Мені десең, еркетайым,
Кетпе атыска, қой, балам, қой!
- Ренжіме, апа, күтіп, жанба.
Кетем алыс, шығам анга!...

Кетті алысқа, шығып аңға!..
Жолаушылық - желгे таң ба?
Малың, жарың, туысканың
Байлана болмас жүйрік жанг!
Кетіп бара жатқанында,
Жау кез келді жалғыз жанг.
Найзаласты, қылышатасты, -
Үлан олді батып қанга.
Үлан олді батып қанга,
Тыныш тапты асау жан да.

ЖАУЫНГЕР ЖЫРЫ

Желе бер, жаным Қаракок,
Желкілде желмен, айдарым!
Қолымда наїза кок болат -
Ерлігіме айғагым.
Ел легенде копіріп,
Жарайсың, қаным, қайнадың,
Халқымнаң мей садага,
Бекіндім, басты байлладым -
Коктегі көрі Күн күо
Ежелден жаудан таймадым.
Корқыныш емес најагай,
Најагай - озім, жайнадым.
Білгенін енді істесін,
Олімменен ойналадым.
Желе бер, жаным Қаракок,
Желкілде жетмен, майданда,
Басымда наїзам - саігагым.
Қайратты, қайтпас жан досым -
Ерлігіме айғагым.
Желе бер, жаным Қаракок,
Желкілде желмен, айдарым!

ОРАМАЛ

Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?

Күз сарғайтты қайыңды.
Мен де бірге сарғайдым.
Кара бұлт жауып айымды.
Жылаймын, күйем, зарлаймын.

Толып қалды торт аїға.
Күйікпенен күн отті.
Әкірген жүйрік отарба.
Жарымды жырақ әкетті.

Елін ойлағ, қамығып.
Жүргегі толып дерт-шерге;
Жүр екен жаным жабығып
Осы күні қай жерде?

Жарқ-жүрқ сансыз козі бар.
Бейне бір жынның үясы.
Ың-жың, у-шу соғі бар.
Түсірмес жарық қиясы.

Жылы жүзді жапы жок.
Қалада жүдеп жүр ме екен?!

Жакыны жок, жары жок
Жалған оған кор ме екен?!

Саллатша сымдай күйіп,
Шекисіні оның сұр ма екен?
Күрегіне сүйеніп,
Суықта жаурап түр ма екен?

Жатқаш шыгар ор қазып.
Жауга ма, өлде озіне.
Бұрыла алмай бой жазып.
Кайғы шығып жүзіне.

Қасірет батты жапыма,
Уга толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем кашан кестелеп?

Орала берме, жібетім.
Тезірек жүрші сен де, біз!
Елді ойланп, жарым, жүледін,
Енірейміз елде біз.

Кайғыдан олсем арман жок,
Ақыреттік жолласым.
Козімде жас қалған жок,
Кестеге сінді бар жасым.

Орамалды алып сорлыншан
Козіңе жасыңды іріккенде.
Күрсініп ауыр, соуле жан,
Козіңді ақырын сұрткенде.

Жасаган не, тілегім:
Аралассын жаска жас,

Орала берме, жіберім,
Сенсің - жаным ақ бөтес.

Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелей?

БАТҚАН КҮН. АТҚАН ТАҢНЫң ЖЫРЫ

Алтын Күп батып барады,
Күйдіріп коктің жиегін.
Құралай көзді карагым,
Бодың ба иіріп жібекің?

Құралай көзді карагым,
Колына қардай бәтесті ал.
Қандай қызыл жібекпен
Ақ бәтеске орнек сал.

Алтын Күн батып барады,
Алтын Күп ақырын оледі.
Сорлы бүлттар - сорлы жар,
Қан жылаң Құнді комеді.

Күп олді. Кок күніренді.
Жер жамылды қарасын.
Құралай көзді карагым,
Кестенде қашан боласың?

Судай сұлу соулетай.
Бір қарашы, аңсадым.
Суда ойнаган шабактай
Сүйреңдейді саусагың.

Қабакқа қатар тізілген
Кірпік пе? Қара жібек пе?
Бір қарашы, карагым,
У толды той жүрекке!

Жер жарынап айрылып.
Жамылды қара басына,
Бота козді, буран бел.
Жіберші жақын қасына!

Каранғызық қапталды,
Қайғы ма басқан, түн бе екен?
Сыблыр-сыбдыр өлле не, -
Жел ме?
Жұрген жып ба екен?

Қабагың шытпа, қарагым,
Жанына жақын келейін.
Қар бетіне қамменен
Не деп жаздын, кореїн!

Тым жақындаң бармаймын,
Жырақтан жарап коз салсам.
Не деп жаздын, қарагым?
"Ел үшін ол, ер болсан!"

Құралай козді қарагым,
Жарылады-ау жас жүрек!
Козіме қаш толтырды.
Қар үстінде қан жібек.

"Ел үшін ол, ел үшін..." -
Өмірді аяп не етейін!
Сүйріктей сұлу саусагын.
Мен садала кетейін!

Тұнерген түн оледі,
Ағарған атау таңы ма?

Ақ бөтестің бетінде
Жүргішіп қаны ма?

"Ел үшін ол, ел үшін..." -
Өлсен, жүрек, дүрсілде!
Құралай козді қарагым,
Кестеге қарап құрсінбе!

Құралай козді қарагым,
Аттанайын таңменен.
Ақ бөтес - ақ жалауым,
Кестеленген қанменен.

Қош бол енді, қарагым,
Мені есіңе алғайсын!
Енді бөтес бетіне:
"Иманды бол!" десі жазгайсын.

Алтын күн шығып келеді,
Алтындаң коктің жиегін,
Құралай козді қарагым,
Иіре бер жіберін!

СҮЙЕМІН

Күлдеі күнгірт шашы бар,
Тоқсан бесте жасы бар,

Коз дегенін - сұп-сұр кор.
Тасбик сапап бүгінші,
Жерге қараң үнінші,
Коршे ауыр күрсінеп.
Мениң бір карт анам бар.
Неге екенін білмеймін -
Сол анамды сүйемін.

Козінде кок шұры жок,
Аузында жұмак жыры жок,

Жалыныз, усыз құшагы,
Иірілмейді жылаңдаї,
Созі де жок құрандаї,
Білгелі - қазан-ошагы.
Жабайы гана жарым бар,
Неге екенін білмеймін -
Сол жарымды сүйемін!

Үйікі баекан қабагын,
Бастыра кінген тымагын,

Жалқаулықты жар корген.
Жүрген ескі заңымен,
Алдыңдағы мадымен
Бірге жусап, бірге орген.
Алап деген елім бар.
Неге екенін білмеймін -
Сол елімді сүйемін!

Сагымы салран құрады,
Бораны ұнып тұрады,
Кыс- ақ кебін, жаң - сары.
Орманы жоқ, шуы жоқ,
Тауы да жоқ, сүйе жоқ.
Мәңгі олік сахрасы.
Сарыарқа леген жерім бар,
Неге екенін білмеймін -
Сол Арқамды сүйемін!

МЕН КІМ?

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбасырыспын, магаш қарсы кім тұрар?
Кокте - бұлт, жерде - жемін гүлеген.
Жер еркесі - жедің жопіш кім сұрар?

Кокте - Құмін, копке нұрым шашамын,
Конілге алсам, қазір гарышқа асамын.
Шеті, тұбі жок төгізбін қаракок,
Ерігемін - толқын, шалқын, тасамын,

Жазыныш мен, келме жақын, жанарсың
Тұшармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсын кок, жемірлесін жер, уайым жок.
Коз қырымен күлшін қана қаармын.

Мен одмеймін, менікі де одмейді,
Надан адам олім жогын білмейді.
Озім- патша, озім - қазы, озім - би,
Кандай ессіз не қылдың дең тергейді?

Мейірленсем - сегіз жұмақ қолымда.
Қанаңлансам - тамүк даяр жолымда.
Жок жақыным, жасагандай жалғызбын!
Мен бе шілер олеіз адам үлшина?!

Озім - тоңірі, табынамын озіме,
Созім - құран, бағынамын созіме!
Бұзуны да, түзесүі де озіммін.
Енді, ескілік, келдің олер кезінде!

ҚАРАҢГЫ, ДАУЫЛДЫ ТҮН

Қаранды, дауылды түн сар далада
Патшалық құрган олім айналада.
Шыракка колымдагы от тұтаттым,
Үмітпен бір азырақ дег: "Жана ма?"

Тұрса да кара бұттар коктеп тоніп,
Сокса да жел долданып, оршеленіп,
Мың ішүкір, өлеіз колда өлеіз шырақ
Жылтыран жапған боп түр, қалмай соніп.

Бүйрыса, шырақ соңбес, ұзак жапар,
Жарығы болмаса да жап таң қалар.
Сөулелі аспанда алтып, күміс пұрлы
Айбынды Күн мен Айға дәл нарапар.

Менсінбес жопшешіні коп мангаздар,
Тен таптай кекеп, мұкар саңсыз пандар,
Қайрылып қарамасып, "қап!" демеймін.
Табылар шыраққа коз салар жандар.

ҚӨБЕЛЕК

Отқа үшар қобелек,
Қарамай сорыл алды-артып,
Ойна кіріп-шықтайты,
Күйдірер дең от-жасын.

Шырқ айналып ентелен
Жүрер де, бір уак ол қонар.
Үмтисіган оты сорлыны
Күйдірер де, төз тынар.

Құрбылар, іске бет алсақ,
Ойламай қанағ қакпалақ.
Анау жарық - алтын дең,
Корінгендеге шашалатық!

Жедмен кетсек, қашатты
Кобелектей күйерміз,
Алам дең алтын барғанды,
Күлден кебін киерміз!

ЕСКЕНДІРДІҢ ЕКІ МҮЙІЗІ

Болсан да жалғыз жапанды
Сырыңа, құрбым, берік бол!
Құбірлесе-ак ауызын
Окетер кагып жүйрік жет.

Ергегі ерте күндерде
Ескендер атты хан болған.
Бесіктен корге кіргенни
Коргені қызының каш болған.

Заманында Ескендер
Жеті олемді билеген.
Асқан атын, киейі, -
Түссе де отқа күймелеген.

Ескендердегі алыштар
Дүниеге енді туа ма?
Атып адам денесін
Сынаң-мінеп бола ма?

Ескендердің басында
Екі мүйіз болынты.
Екі мүйізді екенін
Ол жасырын жүріпті.

Ескендердің басында
Екі мүйіз - нысана!
Жабайы жүртқа қорсетсе,
Қасметі қала ма?

Көс мүйізін жасырып,
Ескендер ер жасынан
Алмайды екен еш уақыт
Дұлыгасын басынан.

Ескендердің басынан
Талай заман көніпті.
Арыстанның жастындаі
Жалиылдан шаш осінти.

Күндерде бір Ескендер
Шарап ішті балбыран,
Шашын бірағ кесуге
Шаштараразды аттырад.

Келгениен соң шаштарараз,
Дұлыгасын алады.
Шаштарараз коріп көс мүйіз,
Коркын-сасып қалады.

Аїтады оған Ескендер:
"Корықла, күлым, бері кел!
Тұрам десен лүннеде
Аузыңа бірақ берік бол!"-

Шаштарараз кетіп жайына
Күйлер, айлар отеді.
Шаштараразның жүргегін
Мынау сыр бірақ ортеді.

Аузы-басы жыбырлан,
Соіллегісі келеді.

Сойлесе сорлы шаштарараз
Сол сагатта-ак оледі.

Енді сорлы не қылмак?
Барады жапып, іш күйіп.
Бір құдықтың аузына
Жатты келіп еңкеіп.

Жап-жагына карашын,
Күрсініп бір убі леп:
“Ескендердің мүйін!..” -
Деді ақырын күбірлеп.

Жакын тұрган жас қамыс
Коя койын сыбырды.
Түре койын құлагын
Тындаій қалды күбірлі.

Мынау сырлы білді де,
Қамыс томен ийтді.
Басына түрлі ой келіп,
Тұнжыраты, күйінлі.

Сол арада сайтандай
Елбелетіспей жел келді.
Әрине, енді жас қамыс
Жаратынады келгенді.

Жаратынаса, желге не?
Ерексті жыныды жел.
Қамысты алды құшаққа,
Сына жағдан бұраң бел.

Қамыс басын шайқады,
Жел ондірді у жырын.
Жырлады, күшты, улады,
Біліп алды бар сырын.

Сырын біліп алды да,
Қоштасын сүйіп, сыйбырлап:
"Ескендердің мүйізі! -
Деп жонелді жыбырлап.

Таң атқанша жүйрік жел
Жүгіруден талмады.
Есендірдің мүйізін
Білмеген жан калмады.

Таң да атты, жүйрік жел
Баяулады, басылды,
Таң да атты, шаштараз
Дар ағашқа асылды!..

Есің болса, жолдасым,
Бола корме шаштараз.
Асылмасаң да ағашқа,
Болуы анық дос араз!

ОТКЕН - АЯУЛЫ

Откенді мактар әр адам,
Білмеймін, откен алтын ба?
Болмаса, мактау откенді
Адамжаттың салты ма?

Кариялар отырып,
Баягыны мактайды.
Желкілдеген жас заман
Оларға тілті-ақ жакпайды.

Зап да болған соларда,
Тура, оділ, жақсы да,
Асапашан нері түсірген
Файынты болжар баксы да.

"Откен артық" дер адам.
Шеше де олген баласын
Аузынан, сойлеп, тастамас. -
Көз ішінде карасын.

Қылышты да, төтті де,
Ақылды да ол бала
Екі жасар күнінде
Пөлен деген - ол дана.

Жалғаны жоқ, адамиан
Жаңашы мактар санаулы.
Не дұрыс шыгар, не теріс,
Әйлеуір откен - аяуды.

ЖОҒАЛҒАН АЛТЫН

Анаптап ояибастаң жылаган күн.
Жүрәм дег қаз-қаз тұрып, құлғаган күн.
Еркелеп, құр былдырылан, отірік жылан.
Алсына ашам байгүстүң сұлғаш күн.

"Ана", "мама" деген сөзге тіл келген күн.
Ауызға тозаң, топырак, құл келген күн.
Сенделін маң кісілей, ыргак-қынсан
Аттаң аяқ басуға діл келген күн.

Біреу үрысса қамытып, жас келген күн.
Ойта жалғыз емшек нең ас келген күн.
"Болар енлі, тоғым!" - дең ас қайтармай,
Бере берсе ретиен дес берген күн.

Аяқ басын қотанды жүгірген күн.
Шешененің емшегінең түнілген күн.
Тыныр-тыныр, әрі-бері жарыскан бол.
"Кім-озды?" - дең атага жүгінген күн.

Тай мініп, жеді айналған жарыскан күн,
Тен-құрбы балалармен алыскан күн.
Қіт етсе: "Әке, апа, тиеді! - дең.
Жұдырыкты кезек-кезек салыскан күн.

Батпакқа кога тартып, аунаган күн,
Конілді ылғи ойынмен аулғаган күн.
Ренжу, қабак шыту, мұңдаю жок.
Жаңбыры қайғы, зардың жаумаган күн!..

Қымбат күн, колға түспес, сен алтын күн!
Беретін ізлең тауып жокты бір күн!
Жарқ еттің, коз ашқанша гайын болдын.
Ашылмас қара тұман қаптады түн!..

ЖЕР ЖҮЗІН ТОПАН БАССА ЕКЕН!

Жер жүзін топан басса екен!
Аскар таудан асса екен,
Таудай толқып құгырын,
Улы кобік шашса екен!

Басса екен топан жер жүзін!
Жапса екен кобік күн козін!
Жанды - жансыз жоқ болын,
Қалсам жалғыз бір озім!

Жан иссі түншықса,
Үн иссі үшшықса!
Қараңғы жердің көгіне
Күн болып сонда мен шықсан!

Қашдай ойны салар ем!
Жалынмен бәрін жалар ем!
Шетсіз-шексіз дүниеде
Жалғыз озім калар ем!

Заулаган от - жалғыз жан,
Жер мінезді жоқ адам...
Заулап тұрган отымнан
Жаратар ем жаңта адам...

ҚҰРБЫМ

Бұл жалғап ойын емес, бейнет жері.
Кылғанға адат еңбек зейнет жері.
Жалғашың бір мүшесі бола алмассын.
Кипалын маңдаійиңңың акпай тері.

Корықна, соқса дауыл, ескегіңді ес,
Деп жатна: "Алма піс те, аузыма тұс!"
Бейнет, еңбек қылымасаң босқа откениң.
Құргакта кайық жүрмес, үмітің кес!

БОСТАНДЫҚ¹

Жер жүзін қан басқанда,
Көбігі шығып аспанга,
Жыны жоллас боп адамга.
Туратык, тенсік ұмытызын.
Інжіл, Құран жыртылып,
Жатқанда жерде - табанды.
Кызыл қаңға мас болып,
Жүргеті қара тас болып,
Айрылыш естен адамшыт:
Ұмытын мейірімді иесін,
Сойын сауын түйесін.
Тәңірісін боп лат, манат²,
Жүргізіп ібіліе омірін,
Жауыздық жайып тамырын,
Оршін отірік, дүшпашық...
... Кок есіргі ашылды,
Жұмак шұры шашылды.
Келді үшін бостандык.
Еарынш нұрлы жүзі бар,
Коусар жібек созі бар,
Әлемі, алмас ақ қанат.
Жануарлар жердегі
Ынтасы - жакын кормегі,
Таңыркасы аңталап.
Аппак нұрга оранып,
Ақырын гана дем анын,
Күрметпен тұрыстык.

¹ 1918 жылды Сібірде реакция дәуірінде жазылған. (М. Жұмаберген)
ескертесі)

